

Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істеу үшін шетел азаматтарын әкелуді реттеудің жекелеген мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 14 қараша N 1709

Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істеу үшін шетел азаматтарын әкелуді реттеуді және мемлекет мүдделері мен экономиканы теңдестіруді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Республика аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерден жұмыс берушілер жалдайтын шетел азаматтарын тартуға 2000 жылға арналған квота (бұдан әрі - квота) экономикалық жағынан белсенді халық санының 0,15 % мөлшерінде белгіленсін.

2. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.01.19 № 124 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң, бірақ 2012.01.30 ерте емес қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі:

облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп ішкі еңбек рыногын қорғау жөнінде шаралар қабылдасын және біліктілігі төмен шетелдік жұмыс күшінің әкелінуіне жол бермесін;

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен және Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігімен бірлесіп екі апталық мерзімде квота санын облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша және кәсіптер (қызметтер) топтары бойынша бөлсін.

4. "Қазақстан Республикасынан тыс жерлерден жұмыс берушілер жалдайтын шетел азаматтарын тартуға 2000 жылға арналған және кәсіптер (қызметтер) топтары бойынша квота белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 тамыздағы N 1219 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 34, 417-құжат) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі